



Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы

# Сапа бойынша есеп

2022 жылғы түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген  
жалпы ішкі өнім

## Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақтылық және дәлдік
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

## S.1 Байланыс деректері

### S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

### S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Ұлттық шоттар департаменті

### S.1.3 Байланыс адамының аты

Айгерім Серікқызы Исабекова

### S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Әсет Ерікұлы Нақыпбеков

### S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан, Астана қаласы, Сол жағалау, Мәңгілік ел көшесі 8,  
4-кіреберіс

### S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

Aig.isabekova@aspire.gov.kz

### S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172)74-97-92

## S.2 Өзектілік- кіріспе

Ұлттық шоттар жүйесінің (бұдан әрі – ҰШЖ) негізгі мақсаты экономиканың тиімді жұмыс істеуін бағалау және талдау үшін жарамды макроэкономикалық деректер базасын құру үшін пайдаланылуы мүмкін жан-жақты тұжырымдамалық негізді және есепке алу құрылымын қамтамасыз етуден тұрады. Осындай деректер базасының бар болуы дәйекті және тиімді саясатты қалыптастыру үшін және тиісті шешімдерді қабылдау үшін қажетті шарт болып табылады.

ҰШЖ мәні экономика салаларының ұдайы өндіріс процесінің әртүрлі сатыларындағы дамуының жинақтап қорытылған көрсеткіштерін есептеп шығаруға және осы көрсеткіштердің бір-бірімен өзара үйлесуіне саяды. Ұдайы өндірістің әрбір сатысына арнаулы шот немесе шоттар тобы сәйкес келеді. Осылайша, өндірілген тауарлар мен қызметтер құнының қозғалысын, сондай-ақ өндіруден пайдалануға дейінгі қосылған құнды бақылап отыру мүмкіндігі бар.

Негізгі пайдаланушылар Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі сияқты мемлекеттік органдар, ғылыми зерттеу институттары, Тәуелсіз

Мемлекеттер Достастығының Мемлекетаралық статистикалық комитеті, Еуразиялық экономикалық комиссиясы сияқты халықаралық ұйымдар және басқалар болып табылады.

### S.3 Метадеректерді жаңарту

#### S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

17.11.2023ж.

#### S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыру

17.11.2023ж.

#### S.3.3 Метадеректерді соңғы жаңарту

17.11.2023ж.

### S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

#### S.4.1 Деректерді сипаттау

Жалпы ішкі өнімді (бұдан әрі - ЖІӨ) түпкілікті тұтыну компоненттері ҰШЖ-да тауарлар мен қызметтер шотында, қолдағы табыстар пайдалану шотында және капиталмен жасалатын операциялар шотында көрсетіледі. Тауарлар мен қызметтер шоты ҰШЖ-да іргелі ұқсастықты көрсетеді, өндірілген тауарлар мен қызметтер тұтынылуы, жинақтау үшін пайдаланылуы немесе экспортталуы тиіс және осы елде пайдаланылған барлық тауарлар мен қызметтер осы елде өндірілуі немесе импортталуы тиіс. Қолдағы табысты пайдалану шоты соңғы тұтынуға арналған шығыстарды (мемлекеттік басқару, ҰШҚКЕҰ және үй шаруашылықтары) жүзеге асыратын секторлар үшін қолда бар табыс түпкі тұтыну мен жинақ арасында бөлінетінін көрсетеді. ЖІӨ-ні түпкілікті тұтынудың компоненттері: - түпкілікті тұтыну шығыстары; - жалпы жинақтау; - таза экспорт болып табылады. Табыстар әдісімен ЖІӨ есептеу келесі формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{ЖІӨ} = \text{ТТШ} + \text{ЖЖ} + \text{ТЭ}$$

мұндағы:

ЖІӨ – жалпы ішкі өнім;

ТТШ – түпкілікті тұтынуға шығыстар;

ЖЖ – жалпы қорланым;

ТЭ – таза экспорт.

Таза экспорт экспорт пен импорттың айырмасын көрсетеді.

ЖІӨ түпкілікті тұтыну әдісімен есептеу үшін жалпы мемлекеттік байқауларының деректері, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің

(мемлекеттік бюджетінің кірістері мен шығыстары туралы есептер), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері (Төлем балансы, екінші деңгейлі банктердің, сақтандыру ұйымдары қызметі туралы есептер) ақпарат дереккөздері болып табылады.

#### S.4.2 Жіктеу жүйесі

NACE rev.2 халықаралық жіктеуішпен үйлестірілген Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (03-2007 ҚР ҰЖ). Экономика секторларының жіктеуіші, Мемлекеттік басқару органдары функциялары жіктеуіші, Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар мақсаттарының статистикалық жіктеуіші, Мақсаттар бойынша жеке тұтыну жіктеуішіне тауар айқындамаларының 2008 Ұлттық шоттар жүйесіне сәйкес әзірлеген. Жіктеуіштер Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Статистикалық жіктеуіштер» бөлімінде орналастырылған.

#### S.4.3 Секторалдық қамту

ҰШЖ елдің тұтас экономикасын сипаттайды. Барлық бірліктер қамтылады, экономикалық мүдделердің басым орталығы сол елдің экономикалық аумағында орналасқан.

Елдің экономикасын тұтастай құрайтын резиденттік институционалдық бірліктер бір-бірін өзара қоспайтын бес институционалдық секторға топтастырылады:

қаржылық емес корпорациялар секторы;

қаржылық корпорациялар секторы;

мемлекеттік басқару секторы;

үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар секторы;

үй шаруашылықтарының секторы.

#### S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

Ұлттық шоттар жүйесі (ҰШЖ) макроэкономикалық шоттардың, активтер мен пассивтер теңгерімдерінің, сондай-ақ негізіне халықаралық деңгейде келісілген ұғымдар, анықтамалар, жіктелімдер мен есепке алу 8 қағидаларының бірқатары жататын кестелердің логикалық түрде тізбекті, үйлесімді және тұтас жиынтығын білдіреді.

ЖІӨ елдің әлеуметтік-экономикалық деңгейінің дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Түпкілікті тұтыну – жекелеген үй шаруашылықтары немесе тұтастай қоғам өздерінің жеке немесе ұжымдық мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін толық пайдаланған тауарлар мен қызметтерді тұтыну.

Жалпы қорланым – негізгі капиталдың жалпы жинақталуының, материалдық айналым құралдары қорларының өзгеруінің және олардың істен шығуын шегергендегі құндылықтарды сатып алудың жалпы құны.

Материалдық айналым құралдары – бұл ағымдағы кезеңде немесе бұдан ерте кезеңде пайда болған және сатуға, өндірісте пайдалануға немесе кейінірек басқа пайдалану түрлеріне арналған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерден тұратын өндірілген активтер.

Материалдық айналым құралдары қорларының өзгеруі – қорлардан шығып қалу құнын шегергендегі және есепті кезең ішінде материалдық айналым құралдары қорларында болған тауарлардың кез келген ағымдағы шығасыларының құнын шегергендегі материалдық айналым құралдары қорларындағы түсімдердің құны.

Негізгі капиталдың жалпы қорланымы – өндірушілердің болашақта жаңа табысты қалыптастыру үшін өндірісте қолданатын негізгі құралдардың шығып қалу құнын шегергендегі жаңа және бар негізгі құралдарды сатып алу құны.

Импорт – ел ішінде пайдалануға арналған және кері экспорт үшін шетелден тауарлар әкелу.

Экспорт – сыртқы нарықта өткізу үшін тауарларды елден шығару, сондай-ақ шетелде шығарылатын тауарлардың кері экспорты.

Үй шаруашылығы – бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан тұратын экономикалық субъект.

Мемлекеттік басқару органдары – осы аумақ шегіндегі басқа бірліктерге қатысты заң шығарушы, сот немесе атқарушы билікке ие, саяси процестер нәтижесінде құрылған заңды тұлғалардың бірегей типтері.

Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар (ҮШҚКЕҰ) – негізінен үй шаруашылықтары немесе тұтастай қоғам үшін

нарықтық емес қызметтер өндірумен айналысатын және ресурстары ерікті жарналар есебінен қалыптастырылатын заңды бірліктер.

#### S.4.5 Статистикалық объект

1) Экономикалық қызмет түрлері.

2) Елдің экономикасын тұтастай құрайтын резиденттік институционалдық бірліктер. Институционалдық бірлік, егер осы елдің экономикалық аумағында оның экономикалық мүдделерінің басым орталығы орналасқан болса, яғни ол осы аумақта экономикалық қызметпен біршама ұзақ кезеңде (бір жыл немесе одан да көп) айналысса, онда ол елдің резиденттік бірлігі болып табылады.

#### S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Қолданылмайды.

#### S.4.7 Аумақтық қамту

Жалпы Қазақстан Республикасы.

#### S.4.8 Қамту уақыты

Түпкілікті тұтыну әдісімен ЖІӨ 1990 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі уақыт қатарларын қамтиды (жылдық деректер).

#### S.4.9 Базалық кезең

Базалық кезең өткен жылғы тиісті кезең болып табылады.

#### S.5 Өлшем бірлігі

Миллион қазақ теңгесі

#### S.6 Есепті кезең

жыл

#### S.7 Құқықтық негіз

##### S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары.

4. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі.

## S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

### S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабы.
2. 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.
3. Қазақстан Республикасының СЖРА ҰСБ басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басшылық қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, Бюроның есептеу техникасы құралдарында сақталатын және өңделетін ақпараттың құпиялылығын оның тұтастығы мен теңтүпнұсқалығы шартында қамтамасыз ету болып табылады.

### S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін ұсыну қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

## S.9 Жарияланымдар саясаты

### S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағы.

Статистикалық жұмыстар жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі [www.gov.kz](http://www.gov.kz) Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай порталында (МОИП БП) сайтында ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының бөлімінде орналастырылған.



## S.9.2 Графикке қол жеткізу

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының [www.gov.kz](http://www.gov.kz) сайтында «Басты бет»/ «Қызметі»/ «Негізгі құжаттар» бөлімінде барлық пайдаланушыларға бірдей және бір мезгілде қолжетімді.

## S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайты. Статистика/ Экономика/ Ұлттық шоттар статистикасы.

## S.10 Тарату жиілігі

Жыл, тоқсан

## S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

### S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

### S.11.2 Жарияланымдар

1) web-басылымдағы және pdf форматындағы «Түпкілікті тұтыну әдісімен жалпы ішкі өнім» бюллетенінде ағымдағы бағаларда ЖІӨ құрамдас бөліктері, ЖІӨ құрылымы, дефляторлар және физикалық көлем индекстері туралы мәліметтер қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде тоқсан сайын және жыл сайын ҚР СЖРА ҰСБ [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында Экономика/ Ұлттық шоттар/ Жарияланымдар бөлімінде жарияланады.

2) «Қазақстан Республикасының Ұлттық шоттар» статистикалық бюллетені Excel форматында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жыл сайын Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурсында Экономика/ Ұлттық шоттар/ Электрондық кестелер бөлімінде жарияланады.

3) Түпкілікті тұтыну әдісі бойынша ЖІӨ құрамдас бөліктерінің динамикалық кестелері ағымдағы бағаларда, ЖІӨ құрылымы, дефляторлар және физикалық көлем индекстері бойынша деректерді қамтиды. Excel форматындағы динамикалық кестелер қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде тоқсан сайын және жыл сайын СЖРА ҰСБ [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) web-сайтында Экономика/ Ұлттық шоттар/ Динамикалық қатарлар бөлімінде жарияланады.

### S.11.3 on-line режимдегі деректер базасы

«Талдау» ақпараттық-талдау жүйесі > Ұлттық шоттар статистикасы.

### S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік.

Ресми статистиканы дайындау мақсатында жиналған деректерді тарату «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабында көзделген талаптарға негізделеді, осыған сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін ұсыну қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген.

#### S.11.5 Өзге де

##### S.11.5.1 AC 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

#### S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

##### S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1. Ұлттық шоттар жүйесі, 2008 (ЕУРОСТАТ Еуропалық Қоғамдастықтардың Комиссиясы, Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ), Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымы (ЭЫДҰ), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Дүниежүзілік Банкі басып шығарған).

<https://unstats.un.org/unsd/nationalaccount/docs/SNA2008Russian.pdf>.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2019 жылғы «7» тамыздағы №4 бұйрығымен бекітілген «Бақыланбайтын экономиканы бағалау әдістемесі». Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2019 жылғы 8 тамызда №19215 болып тіркелген.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы «3» қазандағы №226 бұйрығымен бекітілген «Екінші деңгейлі банктердің қаржылық қызметтерін есепке алу әдістемесі». Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2019 жылғы 3 қарашада №14393 болып тіркелген.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы «21» қарашадағы №271 бұйрығымен бекітілген «Орталық банк қызметтерін есепке алу әдістемесі». Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2019 жылғы 21 желтоқсанда №14539 болып тіркелген.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы «6» тамыздағы №118 бұйрығымен бекітілген «Зейнетақы қорларының көрсетілетін қызметтерін есепке алу әдістемесі». Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2019 жылғы 13 қыркүйекте №15687 болып тіркелген.
6. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы «4» тамыздағы №114 бұйрығымен бекітілген «Сақтандыру қызметтерін есепке алу әдістемесі». Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2019 жылғы 7 қыркүйекте №15627 болып тіркелген.
7. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 23 қыркүйектегі №217 бұйрығымен бекітілген «Қаржы делдалдығы қызметтерінің шығарылымын есепке алу әдістемесі» Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде №14362 болып тіркелген.
8. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 8 қыркүйектегі № 125 бұйрығымен бекітілген «Заңсыз қызметтің көлемін бағалау әдістемесі». Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде № 15848 болып тіркелген.
9. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 қазандағы № 171 бұйрығымен бекітілген «Материалдық айналым қаражаттарының қорларындағы өзгерістерді есепке алу әдістемесі».
10. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 1 қарашадағы № 254 бұйрығымен бекітілген «Капитал есебін құру әдістемесі». 2016 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде № 14477 болып тіркелген.
11. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 11 қарашадағы № 265 бұйрығымен бекітілген «Ғылыми-зерттеу қызметін есепке алу әдістемесі». Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде № 14526 болып тіркелген.
12. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 5 қарашадағы № 27 бұйрығымен бекітілген «Ағымдағы және тұрақты

бағаларда түпкілікті тұтыну әдісімен жалпы ішкі өнімді есептеу әдістемесі». Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде № 25054 болып тіркелген.

#### S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі;
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

#### S.13 Сапаны басқару

##### S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Ұлттық шоттар статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпыға бірдей қабылданған рәсімдермен құпталады:

- халықаралық стандарттарға сәйкес деректердің салыстырымдылығын қамтамасыз ету үшін халықаралық ұсынымдарға сәйкес қалыптастыру;
- тауарлардың, өнімдердің, қызметтердің стандартты статистикалық классификациясын пайдалану;
- статистикалық деректердің салыстырмалы талдауы (динамикада, әкімшілік деректермен, салааралық) жүргізіледі.

##### S.13.2 Сапаны бағалау

Сапа ҰШЖ 2008 халықаралық стандартының тұжырымдамаларын қатаң қолданумен және деректердің анықтығымен қамтамасыз етіледі.

Жарияланым форматы пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін 2023 жылы қайта қарастырылды. Жедел-ақпараттан web-басылымға көшу жүзеге асырылды, онда түйінді тұстары бөлектелген, Глоссарий, әдіснамалық түсіндірмелер, динамикалық қатарларға және тиісті басылымдарға (бұл өндіріс әдісімен ЖІӨ, табыс әдісімен ЖІӨ, ЖӨӨ, ҚМЭИ, Қазақстан Республикасының Ұлттық шоттар бюллетені және Коммерциялық емес ұйымдарды бір жолғы ішінара зерттеу нәтижелері) тиісті сілтемелер қосылды, сондай-ақ пайдалы сілтемелерді (әдіснама, сапа есептері, «Талдау» АТЖ) қамтиды. Жарияланымда белсенді сілтемелердің болуы пайдаланушыға электрондық кестелердегі неғұрлым егжей-тегжейлі ақпаратқа немесе Қазақстан Республикасында

бірқатар жылдардағы түпкілікті тұтыну әдісін және басқа әдістерді пайдалана отырып, ЖІӨ негізгі көрсеткіштерінің динамикасына өтуге мүмкіндік береді.

#### S.14 Өзектілік

##### S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ұлттық шоттар экономикалық саясатты бақылау және шешімдер қабылдау, болжау үшін, әкімшілік мақсаттар үшін, қоғамды ақпараттандыру үшін және экономикалық зерттеулер үшін деректері негізгі ақпарат болып табылады. Ұлттық шоттардың жылдық деректерінің пайдаланушылары әдетте қысқа мерзімді перспективада экономикадағы құрылымдық өзгерістерді талдауға назар аударады.

Негізгі пайдаланушылар:

ҚР Ұлттық банкі; мемлекеттік органдар (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі және тағы басқаралары);

ғылыми-зерттеу институттары (Экономикалық зерттеулер институты және тағы басқаралары);

халықаралық ұйымдар (ЕурАзЭҚ, ТМД Статкомитеті және тағы басқаралары);

ЖОО оқытушылары, студенттер және тағы басқаралары.

##### S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформа агенттігінің Ұлттық статистика бюросы жыл сайын Q-002 «Пайдаланушы сауалнамасы» сауалнамасы бойынша ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушылар арасында сауалнама жүргізеді. Сонымен қатар, пайдаланушылардың сұрауларына жауаптар құзыреті шегінде ресми түрде де, жоспарлы түрде де жасалады.

##### S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

2008 ҰШЖ халықаралық стандартына сәйкес.

#### S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

##### S.15.1 Жалпы дәлдік

Бастапқы деректердің дұрыстығы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының құрылымдық бөлімшелерінен және мемлекеттік органдардан алынған әдістемелік ұсынымдарды сақтаумен және деректер көздерінің әдіснамалық негізділігімен қамтамасыз етіледі.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ А1.

Қолданылмайды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 А2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 А3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 А4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 А5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген ЖІӨ статистикалық жұмыстар жоспарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес жарияланады. Тоқсандық мәліметтер (жинақталған) есепті кезеңнен 105 күн өткен соң, алдын ала жылдық деректер есепті кезеңнен кейін 120 күн өткен соң жарияланады.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Есептік жылдық деректер есепті кезеңнен 320 күн өткен соң жарияланады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыс жоспарына және Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесіне сәйкес мерзімдерде жарияланады және таратылады.

2023 жылға арналған Статистикалық жұмыс жоспарына сәйкес «2022 жылға түпкілікті тұтыну әдісі бойынша жалпы ішкі өнім» бюллетенін (жылдық негізде) жариялау мерзімі 2023 жылғы 16 қараша.

«2022 жылға түпкілікті тұтыну әдісі бойынша жалпы ішкі өнім» бюллетенінің (жылдық негізде) нақты жарияланған күні 2023 жылдың 16 қарашасы. Жоспарланған және нақты күндер сәйкес келеді, жариялау мерзімін бұзу болған жоқ. 1-кесте. Жариялау мерзімдері

Статистикалық бюллетень	Жоспар	Факт	Айырмашылық
2022 жылға түпкілікті тұтыну әдісі бойынша жалпы ішкі (жылдық негізде)	2023 жылғы 16 қараша	2023 жылғы 16 қараша	-

## S.17 Салыстырмалылық

### S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Есептеулер 2008 ҰШЖ әдістемесіне сәйкес жүргізілетіндіктен халықаралық деңгейде салыстырылмалы.

#### S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

Қолданылмайды.

#### S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың зақтылығы/СС2

1990 жылдан бастап уақыттық қатарлар (жылдық деректер) жарияланды.

## S.18 Келісушілік

### S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Есептеулер Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ), Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымы (ЭЫДҰ), Еуропалық Одағының Статистикалық бюросы (Еуростат), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) және Дүниежүзілік Банкі дайындаған 2008 жылғы Ұлттық шоттар жүйесіне сәйкес жүргізіледі, ол бірдей түсініктерді, анықтамаларды, жіктелімдерді және бағалау әдістерін қамтамасыз етеді.

### S.18.2 Ішкі келісушілік

Ұлттық шоттар жүйесі шеңберінде ұлттық шоттар деректері арасында сәйкестік бар. Дегенмен, әртүрлі деректер көздерін пайдалану себебінен толық сәйкестік әрқашан мүмкін емес. Мысалы, өндіріс және түпкілікті тұтыну әдістерін қолдану арқылы ЖІӨ-ні қалыптастыру кезінде. Оның себебі – ЖІӨ-нің ресурстарының және пайдаланудың құрамдас бөліктері үшін әртүрлі деректер көздерін пайдалану.

Жылдық кезеңдерді қалыптастыру кезінде көптеген көздер де нақтыланады және түзетіледі. ЖІӨ-ні есепті жылдық есептеуде деректер уақыт кідірісін ескере отырып, Ұлттық Банк қайта есептеген Төлем балансы бойынша жаңартылды. Төменде алдын ала және есептелген ЖІӨ арасындағы салыстыру кестесі берілген:

	Алдын ала деректер, миллион теңге	Есепті деректер, млн.теңге	Айырмашылық, %
Үй шаруашылығының түпкілікті тұтыну шығыстары	49 724 894,8	50 951 517,7	2,5
ҮШҚКЕҰ тердің түпкілікті тұтыну шығыстары	1 090 653,6	347 176,5	-68,2
Жалпы жинақтау	25 030 635,8	25 916 382,0	3,5
экспорт	43 354 558,7	43 134 297,5	-0,5
импорт	27 323 898,4	27 773 158,3	1,6
ЖІӨ (түпкілікті тұтыну әдісімен)	103 557 816,7	103 470 837,1	-0,1

Айырмашылықты азайтудың ықтимал тәсілдерінің бірі ЖІӨ компоненттерін дискретті әдіспен есептеу, сондай-ақ ресурстар-пайдалану кестелерінен (бұдан әрі – РПК) мәліметтерді алғаннан кейін жылдық деректерді қайта есептеу болып табылады. РПК-да өнімнің түрлері бойынша нақтыланған, әртүрлі әдістермен есептелген ЖІӨ-нің барлық компоненттері бойынша толығырақ ақпарат қол жетімді. Мұндай қайта есептеу ЖІӨ компоненттерінің жоғары сапасына ықпал етеді.

Әрі қарай, ұсынылған кестеден көрініп тұрғандай, сәйкессіздік деңгейі өзгереді. Жыл ішіндегі мұндай ауытқулар қолданыстағы тәжірибеге ЖІӨ-ні дискретті негізде есептеу және жылдық бағалауларды алғаннан кейін таза тоқсандарды қайта есептеу енгізілгеннен кейін тегістелуі керек.

ҮШҚКЕҰ секторындағы коммерциялық емес бірліктерді статистикалық зерттеуді енгізу 2022 жылға арналған деректерді алуға және үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың нарықтық емес өнімі мен түпкілікті тұтыну шығыстарын есептеуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ жіктеуіштерді пайдалануда КЕҰМЖ 1993-тен КЕҰМЖ 2008-ге ауысу орын алды.

#### S.19 Жүктеме

ЖІӨ түпкілікті тұтыну әдісі бойынша Ұлттық есеп департаментінің қызметкерлерімен құрастырылады Excel. ЖІӨ көрсеткіштерін



қалыптастыру кезінде жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың және әкімшілік дереккөздердің деректері пайдаланылады. Басқа статистикалық жұмыстармен қайталану жоқ.

## S.20 Деректерді қайта қарау

### S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Әдіснаманы, жіктеуіштерді өзгерткен жағдайда қайта қарау жүргізіледі.

Деректер 2024-2027 жылдарға арналған Жоба жоспарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес қайта қаралады. «Ұлттық шоттар жүйесі көрсеткіштерінің сапасын арттыру».

СЖЖ-ға сәйкес алдын ала жылдық деректер есепті кезеңнен кейінгі 120-шы күні жарияланады. Жылдық есепті деректер есепті кезеңнен кейінгі 320-шы күні жарияланады.

## S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

### S.21.1 Бастапқы деректер

Түпкілікті тұтыну әдісін қолдана отырып, ЖІӨ қалыптастыру үшін ақпарат көздері:

өндіріс әдісі бойынша ЖІӨ компоненттері;

салалық статистика деректері;

Қазақстан Республикасының Төлем балансы, (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі);

мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстары туралы есептер (Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі).

### S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Жыл, тоқсан

### S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

ЖІӨ Ұлттық шоттар департаментінің қызметкерлермен есептеледі. Жалпы мемлекеттік статистикалық байқау нәтижелері салалақ статистика басқармаларынан Excel кестелері түрінде алынды. Әкімшілік деректер мемлекеттік органдармен ақпарат алмасу туралы қолданыстағы бірлескен бұйрықтар шеңберінде Excel кестесі түрінде ресми сұраулар бойынша және дереккөздерден ресми сайттарынан алынады.

### S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Салалық статистика департаменттерінен және әкімшілік дереккөздерден алынған деректерге талдау жүргізіледі. Тексеру процесінде алынған

нәтижелер өткен кезеңмен, өткен жылдың сәйкес кезеңімен және бірнеше жылдық динамикада салыстырылады.

S.21.5 Импутация - үлесі/А7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Жоқ.